



Автор: Бакеева Турсынгуль Дошняязовна
Пән: Өзін-өзі тану
Сынып: 3- сынып
Бөлім: Адам болам десеңіз
Тақырып: Өз еліңнің патриоты болу

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Білімділік: оқушыларға «Отанды сүю», «патриот болу» ұғымдарын түсіндіре отырып , отансүйгіштікке баулу; Дамытушылық: оқушылардың мейірімділік қасиеттерін дамыту; Тәрбиелік:оқушыларды отансүйгіштікке , мейірімділікке , қайырымдылыққа тәрбиелеу.
Сабақтың мақсаты:	оқушылардың өз елінің патриоты болу түсініктерін кеңейту арқылы сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу.
Тілдік мақсаттар:	"отан" , "патриот" ұғымдарының мәнін түсіну , талдау
Күтілетін нәтиже:	оқушылардың отансүйгіштік , мейірімділік қасиеттері дамиды , өз елінің патриоты болу дегенді түсінеді
Бағалау критерийлері:	отанға , елге қызмет етуге деген ұмтылыстары бағаланады
Құндылықтарды дарыту:	сүйіспеншілік құндылығының жарыққа шығуына ықпал ету
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интербелсенді тақта , компьютер
Пәнаралық байланыс:	қазақ тілі , әдебиеттік оқу , музыка
Бастапқы білім:	"патриот" терминінің мағынасын біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу.5Т қадағалау.Жағымды күйге келу.	"Путь сердца" релаксациясы
Сабақтың ортасы	Үй тапсырмасын тексеру: «Мәншүк әні» әңгімесін талдау.Қойылатын сұрақтар:-Мәншүк еліне деген сүйіспеншілігін қалай танытты? -Мәншүк халқының өнерін қалай асқақтатты? -Отанды сүю , риясыз қызмет ету парыз ба?Неліктен? -Отанды сүю қандай іс-әрекеттерден бастау алады деп ойлайсындар? -өзің «Отан отбасынан басталады» дегенді қалай түсінесің? -сен өз еліңе деген сүйіспеншілігіңді қалай білдірер едің? -мейірімділік сендерді қандай істерге жетелейді? -қандай қайырымдылық жасадыңдар? Дәйексөз «Адал адам Отанын сүйеді» Ахмет Байтұрсынұлы 2-рет ер балаларға , 2- рет қыз балаларға айтқызу , бірге қайталау.Дәптерге жазу. Әңгімелеу Ең жас студент Абзал Мырзаш туралы әңгімелеп беру.Талдау.Сұрақтар:-Абзал қандай бала болып өсіп келе жатты? -ол мектепте қалай оқыды? -Абзалдың қандай қасиеттерін байқадыңдар? -сендер мейірімділіктеріңді қалай білдіріп жүрсіңдер? -Абзал сияқты отансүйгіштіктеріңді қандай істеріңнен көруге болады? -ойланбастан қайырымдылық танытқан кездерің болды ма? Шығармашылық жұмыс Жеке жұмыс.Тапсырма:сөйлемді аяқтау:Мен өз елімнің патриоты боламын , себебі мен... Топпен ән айту Атамекен әнін бірге орындау.	
Сабақтың соңы	Үйге тапсырма: №25 сабаққа 119 беттегі «Райымбек бастауы» аңызын оқып және мазмұндап келу.	119 бет " Райымбек бастауы"

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия	Соңғы тыныштық сәті:Аяқ-қолымызды айқастырмай , түзеліп отырып , бүгінгі сабақта айтылған жақсы сөздер мен істерді жүрегімізге сақтап алайық.Сабақ аяқталды! Сау болыңыздар!	